

АДБ-МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ ОДАН ӘРІ КЕҢЕЙТУ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІ АЙТЫЛДЫ

18 ноябрь күні Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Азия даму банкінің президенті Масато Кандо бастаған делегацияны қабылдады.



Эңгіме басында АДБ басшысы еліміздің басшысын стратегиялық серіктестіктің 30 жылдығымен және банк Басқарушылар кеңесінің төрағалығының 2025-2026 жылдары Өзбекстанға ауысуымен құттықтады.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық реформа бағдарламасын жүзеге асыру аясында кең ауқымды ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері қарастырылды.

Ынтымақтастықтың жоғары деңгейіне қол жеткізілгені қанағаттанушылықпен атап өтілді. Өзбекстан

банктің аймақтағы ең ірі серіктесі болып қала береді — бірлескен жобалар портфелі 15 миллиард доллардан асты. Сонымен қатар “жасыл” энергетика, көлік, цифрлық трансформация, білім беру және басқа да салаларда 3 миллиард доллардан астам сомаға жобалар әзірленуде. Егеменді емес қаржыландыру механизмі белсенді түрде енгізілуде.

2026 жылдың мамыр айында Самарқантта өтетін АДБ Басқарушылар кеңесінің жылдық отырысына дайындыққа ерекше назар аударылды.

Өзбекстан Президенті алдағы іс-шара аясында АДБ-мен кеңейтілген стратегиялық серіктестік бағдарламасына қол қою бастамасын көтерді, инфрақұрылымды дамытуға, техникалық және инженерлік кадрларды даярлауға, әйелдер мен жастарды жана мамандықтарға оқытуға, кедейшілікті азайтуға, ипотека базарын және жеке секторды дамытуға ерекше назар аудару бастамасын алға тартты.

Банктің Орталық Азия аймағындағы ірі ұлттық және аймақтық бастамаларды қолдауға, сондай-ақ

көлік, энергетика және сауда жобаларын ілгерілетуге белсене қатысуы маңызды екені атап өтілді.

АДБ президенті Масато Кандо еліміздегі ауқымды реформалардың нәтижелерін жоғары бағалап, Жана Өзбекстанда кері қайтпайтын реформалар бағдарламасын жүзеге асыруға жан-жақты көмек көрсетуге дайын екенін білдірді.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

КЕДЕЙЛІКТЕН ТАБЫСТЫЛЫҚҚА НАҚТЫ ҚАДАМ

Бүгінде елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың басты мақсаты — халқымыздың әл-ауқатын арттыру, әр отбасының өмір сүру деңгейін көтеру және олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту. Осы мақсатта Кенимех ауданында да дәйекті және нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Науаи облысының Кенимех ауданында 37 мыңнан астам тұрғындар тұрақты жасайды. Олардың арасында 24 мыңнан астам азамат табысты жұмыспен қамтылған. Жыл басында ауданда 551 отбасы кедейлік тізіміне тіркелген болатын. Бүгінде жүзеге асырылған мақсатты шаралар, жергілікті жерлерде “Кедейліктен әл-ауқатқа қарай” қағидаты негізінде жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде бұл көрсеткіш 373-ке азайды, яғни 178 отбасының 668 жұмысқа жарамды азаматы кедейліктен шығуға қол жеткізді.

Бұл нәтижелер әкімдік жүйесі, кәсіпорындар мен ұйымдар, кәсіпкерлер және ең алдымен өз өмірін өз қолымен жақсартуға ұмтылған азаматтарымыздың тынымсыз еңбегінің жарқын көрінісі.

Бүгінде темір дөптерде тұрған 1482 отбасы мүшесінің 655-і еңбекке жарамды, 238-і еңбекке жарамсыз, 589-ы басқа санаттағы азаматтар. Олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін жасау бойынша практикалық жұмыстар жалғасуда.

2025 жылдың 1 январындағы жағдай бойынша Кенимех ауданында 1317 жұмыссыз азамат тіркелген,

жұмыссыздық деңгейі 5,7 пайызды құраған. Сонымен қатар, аудандағы кәсіпорындар мен ұйымдарда жана жұмыс орындарын ашу, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және еңбек нарығындағы белсенділікті арттыру бойынша жүзеге асырылған дәйекті де мақсатты жұмыстар өз нәтижесін беруде. Нәтижесінде, 2025 жылдың 1 ноябріне аудан бойынша жұмыссыздар саны 935 адамға азайып, жалпы жұмыссыздық деңгейі 3,6 пайызға дейін төмендеді. Бұл аймақтағы кәсіпкерлік ортаның жақсарғанын, жана жобалардың жүзеге асырылып жатқанын және тұрғындардың еңбек белсенділігінің артқанын көрсетеді.

Сондай-ақ, бүгінде ауданымыздағы ірі кәсіпорындар мен ұйымдарда 280-нен астам бос жұмыс орны бар. Осы бос жұмыс орындарына жұмыс істегісі келетін аудан азаматтарын Кенимех ауданының әкімдігіне жүгінулерін сұраймын. Олардың еңбек нарығына қайта шығуына, біліктілігіне сай бос жұмыс орындарына орналасуына іс жүзіндік көмек көрсетуге әрқашан дайынбыз.

Бүгінгі таңда біздің ең үлкен мақсатымыз — жұмыссыздықты азайту арқылы кедейлікті жою. Осы мақсатта аудан кәсіпорындары мен ұйым-

дарының басшыларына 508 отбасы бекітіліп, әлеуметтік қолдау көрсетілуде. Сондай-ақ, Кенимех ауданындағы халықтың әлеуметтік жағынан мұқтаж санаттарын 2026 жылы жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының ең аз санын белгілеу және резервке қою туралы қаулыға қол қойылды. Осы қаулымен келесі жылға да 133 жұмыс орнын резервке алдық. Күн сайын сағат Кенимех аудандық Халық қабылханасында азаматтарды қабылдау ұйымдастырылуда. Әр аптаның жұма күні аудан басшысының яғни менің жеке басшылығыммен ашық қабылдаулар өткізіледі. Әрбір өтініш жан-жақты зерделеніп, проблемаларды шешу бойынша нақты және тиімді шаралар қабылдануда. Өйткені, әрбір өтініш, әрбір арыз-шағым — біз үшін жауапкершілік, табылған әрбір шешім — халықтың сенімі мен ризалығы.

Мен өз кезегінде ауылдастарымызды мүлсенді болуға, жасалып жатқан мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға, өз болашағы үшін жауапкершілікті сезініп, бірге абат, гүлденген және заманауи Кенимех ауданын құруға шақырамын. Ынтымақтастықпен, еңбекқорлықпен және жанқиярлықпен біз міндетті түрде ауданымызды одан әрі гүлденген, халқымызды бақытты және бақуатты өмірге қол жеткізген елге айналдыратынымызға сенімдімін!

Руслан РУЗИЕВ, халық депутаты Кенимех аудандық Кеңесіне 2-Бердах округінен сайланған депутат, Кенимех ауданы әкімі.

ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР МЕН ЖОСПАРЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Президент Шавкат Мирзияевке сыртқы еңбек миграциясы жүйесін жетілдіру және халықаралық стандарттарға негізделген миграциялық үдерістерді қалыптастыру мәселелері туралы ақпарат берілді.

Соңғы жылдары елімізде азаматтарды жүйелі түрде шетелге жұмыс істеуге жіберу бойынша жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың арқасында еңбек базары әртараптандырылып, азаматтар негізінен жоғары жалақылы жұмыстарға жұмыс істеу үшін шетелге баруда. Нәтижесінде, шетелде жұмыс істейтін азаматтар саны 2016 жылмен салыстырғанда азайғанымен, олар жіберген қаражат 2025 жылдың алғашқы он айының соңына қарай 3,8 миллиард доллардан 15,8 миллиард долларға дейін өсті.

Баяндамада шетелдік еңбек базарында білікті мамандарға деген жоғары сұраныс атап өтілді. Қазіргі уақытта 140 мың маманға тапсырыс бар, бірақ тілдік және кәсіби біліктілік талаптарына сай келетін мамандарды даярлау үшін әлі де көп жұмыс істеу керек екені атап өтілді. Сонымен қатар адамдар еңбек миграциясы қызметтерінің шашыраңқылығына байланысты қиындықтарға тап болуда.

Осы мақсатта салалық қызметтерді оңтайландыру және “бір терезе” қағидаты негізінде барлық үдерістерді біріктіру міндеті қойылды.

Ташкенттің Үштепе ауданында “Шетелде жұмыс істеуге арналған оқыту орталығы”, Терміз қаласында “Бырыңғай көші-қон қызметтері” орталығы құрылады. Астананың Яшнабад ауданында халықаралық компаниялармен бірлесіп неміс және жапон тілдерін оқытатын мектептер ашылады.

Соңғы жылдары Еуропа елдеріне көші-қон ағыны төрт есеге артқаны атап өтілді. Онда жұмыс істейтін азаматтардың құқықтық қорғалуын күшейтудің маңыздылығы атап өтілді. Қазіргі уақытта бірқатар еуропалық елдермен еңбек көші-қоны бойынша келісімдер жок. Президент тиісті үкіметаралық құжаттарға қол қояды жетілдіруді тапсырды.

Сондай-ақ шетелдердегі Министрлер Кабинетінің жанындағы Еңбек көші-қоны агенттігінің көші-қон атташесі мен өкілдіктерінің санын көбейту және еліміздің аймақтарында виза орталықтарының мобильді кеңселерін ашу жоспарлануда.

Тұсаукесерде көші-қон қызметтерін цифрландыру мәселесі де қарастырылды.

“Шетелде жұмыс істеу” платформасы 25 түрлі қызмет көрсетеді, ал биылғы жылдың басынан бері 524 мың азамат онлайн қызметтерді пайдаланды. Дегенмен, барлық қызметтер цифрландырылмаған.

Президентіміз жүйеге жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы қызмет көрсету үдеріс-

терін одан әрі жетілдіру қажеттілігін атап өтті. Платформада биометриялық сәйкестендіруді, шетелдегі жұмыс орындарын нақты уақыт режимінде бақылауды және азаматтарға қашықтықтан кеңес беруді орнату жоспарлары туралы ақпарат берілді. Көші-қон агенттігінде азаматтарға тәулік бойы шұғыл көмек көрсететін ахуалдық орталық құру ұсынылды.

Баяндамада заңсыз көші-қон және кеңес беру қызметтерін көрсету кезінде алаяқтық жағдайлары көбейіп келе жатқаны атап өтілді. Осыған байланысты, еңбек мигранттарының құқықтық сауттылығын арттыру мақсатында халықаралық әуежайларда интерактивті көші-қон ақпараттық дүңгіршектерін орнату және лицензиясыз қызметті жүзеге асыратын кеңес беру ұйымдарына салынатын айыппұлдар мөлшерін арттыру ұсынылды. Қылмыстық кодекске заңсыз көші-қонды ұйымдастыру және жеңілдету үшін жауапкершілікті енгізу мәселесін зерттеу тапсырылды. Мемлекет басшысы ұсынылған ұсыныстарды мақұлдады және лауазымды тұлғаларға еңбек көші-қоны үдерістерін ыңғайлы, қауіпсіз және ашық ету бойынша қосымша тапсырмалар берді.

ӨЗА

ЭКОНОМИКА МЕН ХАЛЫҚТЫ КҮЗГІ-ҚЫСҚЫ МАУСЫМДА КӨМІРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОСПАРЛАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Президент Шавкат Мирзияев көмір өндірудегі қол жеткізілген нәтижелер және алдағы міндеттер туралы тұсаукесермен танысты.

Күзгі-қысқы маусымда үй шаруашылықтарын, әлеуметтік мекемелерді және экономика салаларын энергия ресурстарымен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында энергетика саласының барлық салаларында, соның ішінде көмір өнеркәсібінде жана жобалар жүзеге асырылуда, өндіріс қуаттары мен көлемі артуда.

2024/2025 жылғы күзгі-қысқы маусымда шамамен 8,7 миллион тонна көмір өндіріліп, жылу электр станцияларына, бюджеттік ұйымдарға және халыққа жеткізілді.

Тұсаукесерде 2025/2026 жылғы күзгі-қысқы маусымда 10 миллион тонна көмір өндіру жоспарланып отырғаны айтылды. Ол үшін “Узбеккумир” акционерлік қоғамы кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасы нығайтылды және саладағы қосымша өндірушілердің қызметі үшін жағдайлар жасалды.

Президент маусым бойы халықтың көмірмен көпдендірілген қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету бойынша тапсырмалар берді. Кәсіпорындарды жанғырту мен жана өндірістік қуаттарды іске қосудың, саладағы нарықтық қағидаттар мен бәсекелестікті дамытудың, өнімнің құнын төмендетудің маңыздылығы атап өтілді. Тұсаукесерде уран саласындағы жана инвестициялық жобаларды жеделдету, геологиялық барлау жұмыстарының көлемін кеңейту және заманауи технологияларды енгізу мәселелері қарастырылды.

ӨЗА

“БІР БАЙРАҚ АСТЫНДА” ЭСТАФЕТАСЫ ЖҮРЕКТЕРДЕ МАҚТАНЫШ ОЯТТЫ

“Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік байрағы туралы” заңының қабылданғанының 34 жылдығы елімізде “Бір Отан, бір халық, бір байрақ!” ұранымен ұлттық бірліктің, ынтымақтың және жоғары патриотизмнің мерекесі ретінде кеңінен аталып өтуде.

Белгілі болғандай, Республикалық Руханият және ағарту орталығы, Өзбекстан облыстары бірлестігі, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардия, Төтенше жағдайлар министрлігі, Мәдениет министрлігі, Жастар істері агенттігі, жергілікті әкімшілік органдары, сондай-ақ бірқатар ұйымдар бірлесіп, осы жылдың 8-18 ноябрь күндері “Бір байрақ астында” республикалық эстафета шараларын өткізді.

Рәміздік байрақ 8 ноябрьден бастап еліміздің барлық аумақтарына қамты отырып, астанаға қарай үш бағытта жылжыды.

Бірінші, батыс бағыты — 8 ноябрь күні байрақ эстафетасы Қарақалпақстан Республикасының Мойнақ қаласынан басталып, Хорезм, Бұхара, Науаи, Жызақ, Сырдария және Ташкент облыстары арқылы өтті, екінші, оңтүстік бағыты — байрақ эстафетасы 8 ноябрь күні Сұрхандария облысы Сарыашидан басталып, Қашқадария және Самарқанд облыстары ар-

қылы өтті, ал үшінші, шығыс бағыты — 10 ноябрь күні эстафета Әндіжан облысынан Ханабад қаласынан басталып, Ферғана, Наманган және Ташкент облыстары арқылы өтіп, Ташкент қаласына жетті.

Бақытымызға орай, барлық аумақтарда эстафета қатары көзінде, жігерінде және іс-әрекеттерінде ұлттық мақтаныш көрініс тапқан жерлестерімізбен кеңейді. Бұл бастама барлығын біріктіріп, жалпыұлттық қозғалысқа айналды.

Үш бағыттан келген рәміздік байрақтар әскери қызметкерлердің, зиялы қауым өкілдерінің, мәдениет қайраткерлерінің, спортшылардың және жетекші жастардың қатысуымен салтанатты түрде қарсы алынды. Рәміздік байрақ Бектемір ауданындағы “Рохат” бекетінен, Мырза Ұлықбек ауданындағы “Жана Өзбекстан” саябақ кешенінен, Шыланзар ауданындағы “Эркин” бекетінен және Жана Өзбекстанның жана орналасқан жерлерінен өтіп, Ташкент

қаласындағы “Халықтар достығы” алаңына үш жағынан кіріп келіп, бір тудың астына бірікті.

Кең жұртшылық өкілдері, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, ақындар, әдебиет сыншылары, суретшілер мен мәдениет қайраткерлері, спортшылар, әскери қызметкерлер және жастар жиналған алаңда үлкен мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Шарада сөз сөйлеген Республикалық Руханият және ағарту орталығының басшысы Отабек Хасанов мемлекеттік рәміздердің тарихы, рухани және тәрбиелік маңызы туралы пікірін білдіріп, эстафета жобасы халқымызды ортақ мақсатқа біріктіруге, асыл армандар мен ұмтылыстарды шабыттандыруға, олардың жүрегіне ұлттық мақтаныш, патриотизм мен адалдықты одан әрі нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

Шара өнерпаздар мен орындаушы жастардың қатысуымен өткен ғала-қонцертке жалғасты. Патриотизм, ұлттық мақтаныш және бірлік туралы әндер барлығына мерекелік көңіл құй мен мақтаныш сезімін сыйлады.

Шара дрон шоуымен аяқталды.

Н.УСМОНОВА, ӨЗА-ның тілшісі.

Жетістік

БІРЛЕСКЕН КҮШ-ЖІГЕР — АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ СЕРПІЛІСКЕ ЖОЛ

Ауыл шаруашылығы — экономиканың маңызды салаларының бірі. Ғаламдық климаттың өзгеруі жағдайында аграрлық саланы дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлық мемлекеттер, соның ішінде ТМД елдері үшін де басымдық пен өзекті мәселе болып отыр. Аграрлық секторды инновациялық бағытқа көшіру жоғары білім жүйесінде түбегейлі өзгерістер енгізуді, ғылыми зерттеулерді әлемдік деңгейге шығаруды талап етеді.

Осы тұрғыдан Қазақстан мен Өзбекстанның достық қарым-қатынасы, ауыл шаруашылығы мен агро-өнеркәсіп кешені салаларындағы ғалымдары мен ғылыми ұйымдарының ынтымақтастығы ерекше мәнге ие. Өнімді ғылыми істеп келе жатқан платформалардың бірі — 2003 жылы Өзбекстан, Қазақстан, Ресей және басқа да елдердің жоғары оқу орындары басшыларының бастамасымен құрылған ТМД-ның жетекші аграрлық университеттері ректорлары кеңесі.

Бұл — посткеңестік кеңістіктегі аграрлық білім мен ғылымды дамыту мақсатында жетекші жоғары оқу орындарын біріктіретін жалғыз ректорлар кеңесі. Оның қызметі барысында бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, біліктілікті арттыру және қайта даярлау, халықаралық конференциялар, семинарлар, жазғы және қысқы мектептер ұйымдастыру, оқу-әдістемелік бірлестіктердің өзара іс-қимылы, халықаралық ұйымдармен әріптестік бағытында мол тәжірибе жинақталды.

Кенеске мүше әр университет

инновациялық немесе зерттеу университеті ретінде дамып келеді. Бірлестік аясындағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру инновациялық технологиялар мен білімді трансферттеуге, саланың міндеттерін табысты шеше алатын креативті мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті ТМД елдерінің жетекші аграрлық жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің мүшесі ретінде ұйым құрылған күннен бастап қызмет атқарып келеді. Осы кезең ішінде университет үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бұл — Өзбекстанның ауыл шаруашылығы, білім беру және ғылым салаларындағы қарқынды дамуының көрінісі. Мұның бәрі Президент Шавкат Мирзияевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан белсенді сыртқы саясат пен терең реформалардың заңды нәтижесі. Өзбекстанда ауыл шаруашылығы саласында басқа салалармен қатар ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатыр — саланы цифрландыру қарқынды жүргізілуде, заманауи ресурс үнемдейтін технологиялар



енгізілуде. Инновациялық тәсіл, жаңа сорттар мен агротехнологияларды қолданудың арқасында мақта өнімділігі гектарынан 50-60 центнерге, астық шаруашылығында 80-90 центнерге жетіп, табыс көлемін арттыруға мүмкіндік берді. Бұл жетістіктердің негізінде — заманауи ауыл шаруашылығы білімі мен ғылымының дамуы жатыр. Осы өзекті мәселелер “Климаттың ғаламдық өзгеруі жағдайында ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету” атты халықаралық конференцияда талқыланды. Шара Ташкент мемлекеттік аграрлық университетінің 95 жылдығына арналды, оған Қазақстанды қоса алғанда, 70-тен астам елден жетекші ғалымдар, мамандар мен халықаралық сарапшылар қатысты. “Өзбекстан-2030” стратегиясының мақсаттарының бірі — білім беру жүйесін, соның ішінде ауыл шаруашылығы білімін халықтың сұранысына толық сәйкес келтіріп дамыту.

Елде материалдық-техникалық базаны жетілдіру, білім беру және ғылыми мекемелерді заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, педагогтардың еңбегін лайықты бағалау бойынша бағдарламалар жүзеге асырылуда. Білім беру қызметтері нарығында бәсекелі орта қалыптасуда, озық оқу бағдарламалары енгізілуде, олардың мазмұнының сапасы артуда.

Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті білікті кадрлар даярлауды жүзеге асырады, ғылыми зерттеулер жүргізуде жетекші орын алады және заманауи ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған инновациялық әзірлемелерді белсенді енгізуде.

Жүз жылға жуық тарихында Аграрлық университет Өзбекстанның ғана емес, Орталық Азия өңірінің ауыл шаруашылығы саласы үшін кадрлар даярлауға елеулі үлес қосып келеді. Ғылыми әлеуетті арттыру, білім сапасын жақсарту және инновациялық қызмет бойынша жүйелі жұмыстың арқасында университет ұлттық және халықаралық рейтингтердегі ұстанымын нығайтып келеді. “QS Asia University Rankings 2026” нәтижелеріне сәйкес, континенттің 25 елінен 1 500-ден астам университет арасында 741-750-орынға ие болды, ал Орталық Азиядағы ауыл шаруашылығы бағытындағы ЖОО арасында — 2-орынға шықты, ауыл шаруашылығы саласында қызмет ететін азиялық университеттердің топ-300 қатарына енді.

Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті қарқынды дамуда. Мұны университеттегі ауқымды

циялық платформа құру, таукен саласындағы меморандумдар және Астана мен Ташкент әкімдіктері арасындағы ынтымақтастық экономикалық және аймақтық интеграция деңгейін айқындайды.

Жалпы алғанда, бұл құжаттар екі елдің тек экономикалық емес, институционалдық және қауіпсіздік бағыттарында да өзара тәуелділігін күшейтеді, тұрақты серіктестік моделін нығайтуға қызмет етеді.

Мазмұнды келіссөздерден кейін мемлекет басшылары БАҚ үшін мәлімдеме жасады. Өзбекстан мен Қазақстан Президенттерінің Көксарайдағы кездесуі аймақтық саясаттағы жаңа кезеңнің бастауы болды. Екі ел тек экономикалық серіктестікті кеңейтуді емес, Орталық Азиядағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған нақты қадам жасағанын байқау мүмкін.

— Президент Мирзияевтың қуатты басшылығымен кейін мемлекет басшылары БАҚ үшін мәлімдеме жасады. Өзбекстан мен Қазақстан Президенттерінің Көксарайдағы кездесуі аймақтық саясаттағы жаңа кезеңнің бастауы болды. Екі ел тек экономикалық серіктестікті кеңейтуді емес, Орталық Азиядағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған нақты қадамдар жасалғанын көрсетті.

Сонымен қатар Өзбекстан Республикасы Президенти Шавкат Мирзияевтың төрағалығымен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жетінші Мәслихат кездесуі де өтті. Мәслихат қорытындысы бойынша қатысушы елдер Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Айгүл ТЕШЕБАЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ырыс алды — ынтымақ

БАУЫРМАЛДЫҚ — АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

“AZIMUT Grand Hotel Tashkent” қонақүйінде “Өзбекстан — бауырмалдық мекені” тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Конференцияға шетелдік мамандар, дипломатиялық корпус өкілдері, дінтанушы-сарапшылар, исламтанушылар, этникалық-мәдени бірлестіктер, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, азаматтық қоғам институттарының, діни конфессиялар мен ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері, профессор-оқытушылар мен студенттер қатысты.

Конференцияның ашылуында Дін істері комитетінің төрағасы С.Төшібоев сөз сөйлеп, Өзбекстанда өтіп жатқан осындай беделді конференция қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты нығайтудың маңызды факторларының бірі ретінде бауырмалдықтың байыпта, келісім мен ынтымақтастық бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды кеңінен насихаттауға бағытталғанын айтты. Конференция өз жұмысын үш секцияда бойынша жалғастырды. Әр секцияда діни бауырмалдық, қоғамдық тұрақтылық, білім және рухани-ағартушылық үдерістеріне қатысты өзекті тақырыптар жанжалды талданды.

“Өзбекстан — бауырмалдық мекені” халықаралық ғылыми конференциясына Қазақстан Республикасынан келіп қатысқан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті Ұлжан Тұңғонова ханым Өзбекстанға сапары жайлы әсерімен бөлісті: — Осы іссапарға келуімнің басты мақсаты — Өзбекстанда өтіп жатқан апталыққа байланысты өзімнің бірқатар іс-шараларға қатысу, баяндама жасау және ғылыми жұмысыма қатысты Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы дінтану біліміне, дінтану қарым-қатынасына қандайда бір ақпараттарды жинау, екі ел арасындағы байланыстарды

желісін құру орынды болмақ. БҰҰ мәліметтері бойынша, 2050 жылға қарай Жер халқы 9,7 миллиард адамға жетеді. Бұл азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерінің өзектілігін арттырады. Барлық елдердің агро-өнеркәсіп кешені ақпараттық технологияларды, роботтандыруды, жасанды интеллектіні енгізуге мүдделі. Сонғы жылдары аймақ ғалымдары және БҰҰ-ның су қауіпсіздігі жөніндегі сарапшылары ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан мен Өзбекстан үшін де күрделі болжамдар жасауда.

Бізге аграрлық ғылым саласындағы ынтымақтастықты тереңдету қажет. Оның басым бағыттары: климаттың өзгеруін болжау және оның ауыл шаруашылығына әсерін тұрақты мониторинг жасау, суармалық жүйелердегі су ресурстарын басқарудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, фитосанитарлық қауіптердің алдын алу болуы тиіс. Генетика, селекция және агроинжиниринг жетістіктеріне негізделген үнемді және ұтымды ауыл шаруашылығы технологиялары да ерекше маңызға ие.

“Климаттың ғаламдық өзгеруі жағдайында ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету” атты халықаралық конференция жұмысы барысында құнды бірлескен ұсыныстар әзірленді. Біздің міндетіміз — оларды тиімді жүзеге асыру, ТМД елдерінің ауыл шаруашылығы саласында ғылыми-технологиялық серпілістер жасауға жағдай туғызу.

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық аграрлық ғылым академиясының президенті,
әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
ҚР ҰҒА академигі.

Көзқарас

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Ташкентте Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың төрағалығымен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жетінші мәслихат кездесуі өтті. Бұл маңызды саммитке Орталық Азия елдерінің Президенттерінен басқа Өзербайжан Республикасының Президенті Илхам Алиев және БҰҰ-ның Орталық Азия үшін превентивті дипломатия жөніндегі аймақтық орталығының басшысы Каха Имнадзе қатысты.

Саяси шараның негізгі мақсаты — Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және басым бағыттар бойынша бірлескен жобалар мен бастамаларды іс жүзінде жүзеге асыру. Өзбекстанның төрағалығы кезінде 20-дан астам ірі іс-шара өткізілгенін айта кеткен жөн, бұл елдің аймақтық саясаттағы белсенділігін көрсетеді.

Ал біздің мақсатымыз Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы бүгінгі қарым-қатынасқа, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жетінші мәслихат кездесуі қарсаңында ұйымдастырылған шараларға шолу жасау.

Саммит қарсаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға ресми сапармен келді. Мәртебелі қонақты “Ташкент-Хумо” халықаралық аэропортында салтанатты түрде Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев қарсы алды. Ресми қарсы алу мен қарауыл сап түзгені екі бауырлас ел арасындағы өзара құрмет пен саяси маңыздылықты көрсетеді. Тәуелсіздіктің алғашқы 25 жылында екі елдің қарым-қатынасы жақсы болды, алайда қазіргі байланыс деңгейі — тарихи, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени ынтымақтастық бұрынғыдан әлдеқайда терең әрі кең. Тарихшылар мен этнографтар айтқандай өзбек пен қазақ халықтары-

ның түбі бір, тарихи тамырлары ортақ екені бүгінгі кездесу кезінде нақты көрініс тапты.

15 ноябрьде Көксарай резиденциясында екі ел Президенттерінің тар шеңбердегі келіссөздері өтті. Кездесу стратегиялық және одақтастық қатынастар тарихында жаңа кезеңнің басталғанын көрсетті. Келіссөздер барысында энергетика, көлік, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, су ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қорғау, ақпараттық технологиялар және басқа да маңызды салалардағы өзара тиімді серіктестікті кеңейту мәселелері талқыланды.

Сапар қарсаңында Ташкентте Үкіметаралық комиссияның отырысы, бизнес форумдар, Қазақстан медицинасы күндері, қазақ фильмдерінің қойылымдары және мәдени шаралар өткізілді. Экономикалық байланыстардың көрсеткіші — биылдың өткен кезеңінде 4 миллиард доллар, ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 10 миллиард долларға жетуі жоспарланған. Бұл — сауда-саттық пен кәсіпкерлік ынтымақтастықтың нақты іс жүзіндегі көрінісі. Көксарайда басталған саммитте Президенттердің кеңейтілген құрамдағы келіссөздері және Жоғарғы мемлекетаралық кеңестің екінші отырысы өтті. Кездесуде тауар айналымын, біріккен өнеркәсіптік жобалар мен көлік-логистика бағытындағы ынтымақтастық арқылы

екі елдің экономикалық тәуелсіздігін арттыру және аймақтық ықпалдылықты күшейту мәселелері қаралды.

Су ресурстарын ынтымақтастықта басқару, “жасыл” технологияларды енгізу, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту да назардан тыс қалмады. Жоғары оқу орындары мен жастар ұйымдары арасындағы тәжірибе алмасу — екі елдің ұзақ мерзімді стратегиялық байланысын бекітуге бағытталғанымен ерекшеленді. Келіссөздер тек экономикалық әріптестікке ғана емес, Орталық Азиядағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған стратегиялық қадам болды. Өзбекстан мен Қазақстанның біріккен экономикалық, энергетикалық және инфрақұрылымдық жобалары аймақ елдерінің тұрақтылығын арттыруға және интеграцияны күшейтуге ықпал етеді.

Жоғарғы мемлекетаралық отырыстан кейін екі ел Президенттері ірі кооперациялық жобаларды іске қосты. “Орталық Азия” халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы мен “Tenge Bank-тің” Ташкенттегі жаңа бас кеңсесінің ашылуы, сондай-ақ “Silkway Central Asia” көпсалалы логистика орталығы, желілік алкилбензол өндірістік қуаттары, Жаңа Ташкенттегі “Астана” масиві, Қазақстандағы “Ташкент” және Өзбекстандағы “Астана” қонақ үй кешендерінің құрылысы басталуы көптің көңілінен шықты. Мұндай бастамалар халықтарды біріктіруге қызмет етеді деп сенеміз.

Сонымен қатар Көксарайда тарихи оқиға орын алды: Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа Өзбекстанның жоғарғы мемлекеттік сыйлығы — “Олий Даражали Дустлик” ордені тапсырылды. Марапаттау рәсімінде Президент Шавкат Мирзияев екі бауырлас халық арасындағы достық, тату көршілік, стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды нығайту жо-

лындағы Қ.Тоқаевтың жеке еңбегін жоғары бағалады.

— Осындай салтанатты рәсімде Сізге, еліміздің шын жанашырына Өзбекстанның жоғары мемлекеттік наградасы — жоғары дәрежелі “Дустлик” орденін табыстау мен үшін үлкен мәртебе. Бұл — көпұлтты Өзбекстан халқының Қазақстан Республикасы Президентінің ерен еңбегіне көрсеткен құрметі мен шынайы бағасы. Біздің еліміз Сізді бүкіл әлем білетін көрнекті мемлекет және саяси қайраткер ретінде жақсы таниды. Сіздің парасатты басшылығыңызбен Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Барлық салада жарқын жетістіктер бар. Қазақстандықтардың әлауқаты тұрақты түрде артып келеді. Ең бастысы, халқымыздың ертенге деген сенімі зор. Біз жақын дос әрі көрші ретінде Қазақстанның табыстарына шын жүректен қуанамыз. — деді Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев.

Иә, Қазақстан Президенті тек көрші елдермен ғана емес, жалаңдық мәселелерді халықаралық аренада көтеріп, соғыстар мен қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешуге өз ықпалын тигізіп отырғанын атап өткен орынды. Бұл оның мықты тұлға және шебер дипломат екенін дәлелдейді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша екі ел Президенттері Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл құжаттар ресурстарды басқару, қауіпсіздік және аймақаралық байланыстарға басымдық берілгенін көрсетеді. Су ресурстарын бірге басқару туралы келісім Орталық Азиядағы ең өзекті мәселелердің бірі — су қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша екі елдің жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар кеден, шекара маңы инфрақұрылымы, бірлескен әскери оқу жаттығулары, жастар арасындағы байланыстар және мәдени-гуманитарлық алмасулар бойынша бірқатар келісімдер жасалған. Инвести-

Бәрі адам үшін

ЦИФРЛАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 46-бабына сәйкес, әрбір адам зейнетке шыққан немесе еңбек әлеуетінен айырылған, жұмыссыз қалған немесе асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік қамсыздандыруға құқылы; зейнетақылардың, жәрдемақылардың және басқа да әлеуметтік төлемдердің мөлшері заңды түрде белгіленген ең төменгі тұтыну шығындарынан кем болмауы керек.

Өзбекстан Республикасының әлеуметтік саясатының басымдықтарының бірі — әрбір азаматқа лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында әділ әлеуметтік қорғауды үйымдастыру. Біздің елімізде халықты әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру, азаматтарға мемлекеттік зейнетақы тағайындау кезіндегі мемлекеттік қызметті арттыру, әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын нығайту, қарттарға, мүгедектерге және асыраушысынан айырылғандарға мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін біртіндеп реформалау және осыған байланысты азаматтарға зейнетақы тағайындау кезінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын одан әрі жақсарту мақсатында бірқатар нормативтік құжаттар қабылданды, олардың барлығы азаматтардың кез келген қызметті пайдалану кезінде уақытын босқа өткізуіне және қажетсіз қиындықтарға тап бо-

луына жол бермеуге бағытталған. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 26 июньдегі “Экономика және қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық қызмет комитеті мен бюджеттен тыс Зейнетақы қорының заманауи қызметтерін енгізу іс-шаралары туралы” Жарлығы әлеуметтік қорғау саласында жаңа кезеңді белгіледі. Бұл құжатта зейнетақы тағайындау, әлеуметтік көмек пен қаржылық қызметтер үдерістерін цифрландыру, заманауи электрондық және онлайн қызметтерді енгізу бойынша практикалық шаралар белгіленген. Бұл Жарлық жанаша жанасуға негізделген жұмысты цифрландыруды және ұйымдастыруды көздейді. Оған сәйкес, азаматтардың зейнетақыға қатысты деректерін толық цифрландыру үшін 2025 жылдың 1 октябріне дейін Мәжбүрлі орындау бюросы міндетті орындау үдерісінде өндіруде зейнетақы төлемдеріне бағыттамас бұрын алдымен азаматтарды хабардар ету жүйесін енгізуі керек; 2025 жылдың 1 ноябріне дейін қорғаныс істері органдарында тіркелген және зейнетақы тағайындалып жатқан азаматтардың әскери қызметті өтеген мерзімі туралы ақпарат-

ты “Цифрлық үкімет” жүйесінің кеңсералық интеграция платформасы арқылы Зейнетақы қорының ақпараттық жүйесіне енгізу шараларын қабылдау; 2025 жылдың июль-октябрь айларында әкімдердің көмекшілері әрбір махалладағы “махалла жетілігімен” бірлесіп, аудандық (қалалық) кембағалдықты азайту және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бөлімдері арқылы азаматтардың еңбек кітапшаларының деректерін цифрландыру бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, 2026 жылдың 1 августына дейін азаматтардың жоғары оқу орындарында оқу мерзімі туралы ақпаратты толығымен цифрландыру және мемлекеттік қызметтер орталықтары арқылы азаматтардың жоғары оқу орындарында оқу мерзімі туралы ақпаратты министрліктің электрондық дерекқорына жіберу мүмкіндігін жасау міндеті белгіленді. 2025 жылғы 1 марттан бастап азаматтарға жасына байланысты “Азаматтарды мемлекеттік зейнетақымен қамту туралы” Өзбекстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес зейнетақы тағайындалады, яғни ер адамдар 60 жасқа, ал әйелдер 55 жасқа толғанда, олардың өтініш беруін қажет етпейді, ал 2025 жылдың 1 июлінен бастап мүгедектік бойынша зейнетақылар алдын ала тағайындалады. Бұл жағдайда жасына байланысты және мүгедектік бойынша зейнетақылар мемлекеттік Зейнетақымен қамту туралы заңнамада белгіленген тәртіп пен нормаларға сәйкес, азаматтың жұмыс тәжірибесі мен жалақысына, сондай-ақ тиісті министрліктер мен кеңсеаралық ақпарат алмасу негізінде Зейнетақы қорының ақпараттық жүйесі арқылы алынған басқа ақпараттар негізделіп есептеледі және тағайындалады.

Қазіргі уақытта енгізілген заманауи қызметтерге байланысты жасына байланысты зейнетақылардың 62 пайызын және мүгедектік бойынша зейнетақылардың 100 пайызын алдын ала тағайындауға қол жеткізілді. Азаматтарға жасына байланысты және мүгедектік бойынша зейнетақыларды олардың өтінішісіз алдын ала тағайындау үшін олардың еңбек кітапшаларындағы қолданыстағы жұмыс әрекеттері ИДАК “Бірыңғай ұлттық еңбек жүйесіне” толық енгізілуі керек. Бұл жағдайда, егер азамат қазіргі уақытта жұмыс істеп жүрсе, жұмыс орнындағы кадрлар бөліміне хабарласуы керек. Егер азамат жұмыс істемесе, яғни жұмыссыз болса, олар тұратын ауданның Жұмыспен қамтуға көмек көрсету орталықтарына хабарласу арқылы еңбек кітапшасының ақпаратын тегін цифрландыра алады. Азаматтарға алдын ала зейнетақы тағайындаған кезде, жұмыс істемейтін азаматтарға зейнетке шығу құқығы пайда болған кезде, олардың еңбек кітапшаларындағы еңбек өтілі туралы ақпарат Жұмыспен қамтуға көмек көрсету орталықтарына хабарласу арқылы “Бірыңғай ұлттық еңбек жүйесінің” кеңсеаралық бағдарламалық-аппараттық кешеніне енгізілуі керек, ал жұмыс істейтін азаматтардың еңбек қызметі кәсіпорының кадрлар бөлімінің БҰЕЖ дерекқорына енгізілуі керек. Зейнетақы қорының қызметкерлері электрондық сұрау жіберу арқылы әрбір азамат туралы электрондық деректерді алады және осы негізде зейнетақы тағайындалады. Бұл жағдайда жұмыс өтілі, жалақысы, жоғары оқу орындарындағы оқуы және әскери қызмет туралы құжаттар Зейнетақы қоры мен БҰЕЖ ИДАК көмегімен электрондық деректер алмасу

негізінде қабылданады. Енді азаматтардың еңбек кітапшаларын цифрландырудың артықшылығы туралы айтатын болсақ, ең алдымен, қолданыстағы қағаз еңбек кітапшаларындағы ақпарат электронды түрге ауыстырылады және еңбек өтілі туралы ақпаратты қауіпсіз сақтау мүмкіндігі жасалады. Бұл азаматтарға зейнетақы тағайындаған кезде еңбек өтілін автоматты түрде анықтайды, олардың қосымша уақытын үнемдейді, ал еңбек қызметі туралы ақпарат мемлекет бекіткен ресми электрондық құжат саналады. Егер қандай да бір себептермен азамат еңбек кітапшасын жоғалтып алса, болашақта оған электронды еңбек кітапшасы негізінде зейнетақы тағайындауға болады. Мұның бәрі азаматтардың мемлекеттік зейнетақы тағайындау үдерісіндегі қажетсіз қиындықтарды жоюға, әміршілдік кедергілерді азайтуға және оларға әділ зейнетақы тағайындауға бағытталған. Қорытындылай айтсақ, Президенттің Жарлығы әлеуметтік қорғау жүйесін заманауи талаптарға сәйкес жаңғыртуға, азаматтарға жақын және тиімді түрде мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған маңызды қадам болды. Бұл құжат зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді тағайындау үдерістерін автоматтандыруды ғана емес, сонымен қатар Конституцияда бекітілген әлеуметтік қамсыздандыру құқығының іс жүзіндегі кепілдігін де нығайтады. Жаңа электрондық қызметтерді орнату, ашықтық және азаматтармен тікелей диалог халықтың мемлекетке деген сенімін нығайтады, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілік пен әлауқатты қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Гүлнара МУРАДОВА, Өзбекстан Республикасы Экономика және қаржы министрлігіне қарасты бюджеттен тыс Зейнетақы қорының Ташкент қаласы, Сіргелі аудандық бөлімінің басшысы, заң ғылымдарының кандидаты.

Агросалада

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЙЕДІ

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі И.Абдурахманов Ташкентте өткен Орталық Азия елдерінің ауыл шаруашылығы министрлерінің кездесуі аясында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Ербол Тасжүрековпен кездесу өткізді.



Әңгіме барысында екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, қолданыстағы бірлескен жобалардың аясындағы жағдайын талдауға және оларды кеңейтудің болашақ жоспарларына ерекше назар аударылды. Тараптар ауыл шаруашылығы саласындағы өзара қызығушылық тудыратын салаларды анықтап, ет және сүт өнімдерін өндіру, құс шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі және логистика жүйесін жетілдіру мәселелерін егжей-тегжейлі талқылады. Сондай-ақ, импорт пен экспорт көлемін арттыру, өнім сапасын жақсарту және стандарттау тұрғысынан ынтымақтастық тетіктерін нығайту қажеттілігін атап өтті. Кездесуде екі елдің ғылыми-зерттеу институттары арасында тәжірибе алмасу, мал шаруашылығына инновациялық технологияларды енгізу, сондай-ақ кадрлар даярлау мен біліктілікті арттыру салаларындағы өзара қарым-қатынасты нығайту бойынша ұсыныстар жасалды. Тараптар Өзбекстан мен Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерудің, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың және аймақтық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтті.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Ақпарат қызметі.

Тілсіз жау

БҮГІНГІНЕН БІРГЕ ӨРЕКЕТ ЕТЕЙІК

Өрттің салдарынан туындайтын материалдық шығын қаншама үлкен болса да, адам өміріне нүкте қою немесе отқа күйу, жарақаттану сынды кері жағдайлар тілсіз жаудың нәтижесі болған зияндардың ең қауіптісі саналады. Өмірде, үйде осындай кері жағдайларға жол бермеу үшін жас балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін тұрақты үйретіп отырыңыз. Бұл іске уақыттыңызды алмаңыз. Азғана көңіл бөлмеу арқылы немесе неміқұрайдылық танытудан балаңыздың денсаулығы мен көркіне зиян тигізгеннен гөрі, бүгіннен-ақ осыған қарсы бірге іс-әрекет жасағанымыз артық. **М.НАРТАЕВ, Сіргелі аудандық ТЖБ 9-ӨҚБ-ның ауысым басшысы.**

ӨРТТІҢ БАСТЫ СЕБЕБІ

Зерттеулерге қарағанда, 80 пайыз өрттің туындауына балалардың ойынқұмарлығы мен олардың бақылаусыз қалатыны себеп болады екен. Үстіміздегі жылдың өткен кезеңі барысында республикада болған өрт жағдайының бір бөлігі балалардың шырыпы ойнауынан, электрлі және газ құралдарын өз бетінше пайдалануынан, сондай-ақ үлкендердің бақылауынсыз қалуынан орын алған. Дегенмен мұндайда тек жас балаларды кінәласақта, негізгі кінәлі адам өзіміз, үлкендер екенін ұмытпайық. Өйткені бала ойын баласын, ойынқұмарлығымен көп нәрсеге қызығатыны табиғи жайт. Солай екен біз үлкендер балаларға үнемі көңіл бөлейік, оларды бақылаусыз қалдырмайық. **А.ҚАЛДЫБАЕВ, “Халықтар достығы” өнер сарайы ғимаратындағы ӨҚТБ-ның инспекторы.**

ЕРЕЖЕ-ТАЛАПТАРЫМЕН АТҚАРЫЛАДЫ

Тұрғын үйлер мен ұйымдардың аумақтарын, сондай-ақ аулаларға, ұйымдарға, тұрғын үйлерге тұтасқан бөліктерді уақытылы жанатын заттардан, түрлі тұрмыстық қоқыстардан, кепкен шөптер мен құраған жалпырақтардан тазартып отыру тиіс. Жанатын қоқыстарды, тағы басқа да заттарды арнаулы алаңдарға немесе арнаулы контейнерлерге салып, көп ұзамай шығарып тастау қажет. Үйлер мен ғимараттардың өртке қарсы аралықтарында түрлі заттарды, автокөліктерді қоюға, сондай-ақ құрылыс істерін жүргізуге қатаң тыйым салынады. Өрт қауіпсіздігі тазалықпен және ереже-талаптарға мойынсұнумен жүзеге асырылады. **А.АДИЛОВ, “Бунедкор” спорт алаңында ӨҚТБ-ның кіші инспекторы.**

Шара

АРДАГЕРЛЕР ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Өр елдің күш-қуаты, әлеуеті, өндірісі, экономикасының тұрақтылығынан бөлек, жастарға көрсетілетін назармен, қамқорлықпен де өлшенеді. Өсіресе, қарқынды өзгеріп жатқан бүгінгі таңда өскелең ұрпақты ізгі идеялар мен жобалар төңірегінде біріктіру, оларды жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет, Отанға адалдық рухында тәрбиелеу өзекті міндет.

Жоғарышырышқ ауданындағы №6 жалпы орта білім беретін мектепте өткізілген “Үш ұрпақ кездесуі” шарасының мақсаты да ертеңіміздің иелері болған жас ұрпақты отансүйіштік рухында тәрбиелеуге бағытталғандығымен маңызды. Бұл шара Өзбекстан ХДП аудандық кеңесі, аудандық “Нуроний” қоры, Республикалық руханият және ағарту орталығының аудандық бөлімі, аудандық Ақпараттық кітапхана орталығымен бірге өткізілді. Шараға Наурыз махалласының белсенділері, еңбек ардагерлері, ұстаз-тәлімгерлер мен жас-тар қатысты. — Отанымыздың тәуелсіздігін нығайту, оның данқын арттыру, реформаларды одан әрі тереңдету жолында жанқиярлықпен еңбек етіп келе жатқан, руханиятымызды қалпына келтіруге, өз-өзімізді тануға және жас ұрпақты отансүйгіштік, халықшылдық, еңбекқорлық рухында тәрбиелеуге үлкен үлес қосып келе жатқан ардагерлеріміздің өнегелі өмір жолы жастарымыз үшін үлгі мектебі болады, — дейді шарада сөз алған еңбек ар-

дагері Собиржон ата Ортиқбоев. — Бүгінде елімізде жастардың оқуы, білім алуы, кәсіп үйренуі, пайдалы кәсіппен айналысуы үшін жасалған жағдайлар мен мүмкіндіктер мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілген. Осындай мүмкіндіктер мен жағдайларды тиімді пайдаланып жатқан жастарымыз әлем жастарымен әр салада бәсекелесуге дайын десек қателеспейміз. Сонымен қатар, сөз алған аудандық Ақпараттық кітапхана орталығының маманы Шохиста Абдулазизова, “Наурыз” махалласы азаматтар жиынының төрағасы Равшан Эшматов, махалланың белсенді ақсақалдары Қахрамон Әлижанов, Латофат Ақылова және ардагерлер, орта және жас ұрпақ өкілдерін, яғни шараға қатысушыларға өздерінің өткен өмір жолы, бастан кешкен қиындықтары, қиындықтардан кейінгі қол жеткізген жетістіктерін нақты мысалдармен айтты. Жастарға өз өмір жолы мен қызметтері туралы әңгімелеп, құнды кеңестерін берді. **Латиф МАКСУР**

Бауырластық

Еліміздің барлық өңірлерінде ұлтаралық және дінаралық достық, татулық пен ауызбірлікті нығайтуға бағытталған түрлі іс-шараларды қамтитын “Бауырмалдық апталығына” старт берілді.

ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Апталық аясындағы іс-шаралар Өзбекстан халықаралық исламтану академиясында “Конфессияаралық диалог пен діни бауырмалдылық — қоғам тұрақтылығының кепілі” тақырыбындағы дөңгелек үстелмен жалғасты. Іс-шараны Өзбекстан халықаралық исламтану академиясының ректоры Музаффар Камиллов кіріссөзбен ашып берді. Дін істері бойынша комитетпен бірлесіп ұйымдастырылған шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті Ұлжан Тунгатова, Өзбекстан мұсылмандары кеңсесі төрағасымын орынбасары Мухаммадалим

діни бауырмалдылықты қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарды талдау, алдағы міндеттерді айқындау, өзекті мәселелерді анықтап, олардың шешу жолдары бойынша ұсыныстар жасау конференцияның басты мақсаты болды. Өйткені, елдің өркендеуі, ең алдымен, ондағы тұрақтылық, ұлтаралық татулық және дінаралық келісім жағдайына тікелей байланысты. Шара барысында профессор-ғалымдар “Мемлекет пен дін қатынастарындағы Қазақстан тәжірибесі”, “Ислам дереккөздеріндегі бауырмалдылық негіздері”, “Өзбекстандағы діни бауырмалдылықты қамтамасыз ету

рыптарда баяндамалар жасады. Конференцияда сала мамандарының баяндамалары қатысушыларда үлкен әсер қалдырды. Онда еліміздегі өмір сүріп жатқан барлық ұлт пен ұлыстардың өкілдері біртұтас Өзбекстан халқын құрайтыны, олардың мемлекеттің гүлденуі жолында бір жеңнен қол шығарып еңбек етіп жатқанын ерекше атап өтілді. Конференциядан кейін түрлі діни конфессия өкілдерінің қатысуымен “Өзбекстан — бауырмалдық мекені” ұранымен “Бауырмалдық кубогы” спорттық жарыстары өтті. Спорт жарыстарына Өзбекстан халықаралық исламтану академиясының, Имам Бухари атындағы Ташкент ислам институтының, Пятидесятниктер семинариясы қоғамының, Кекалдош арнаулы орта ислам оқу орнының және Хадичаи Кубро медресесінің студенттері қатысты.

Қатысушылар мини-футбол, үстел теннисі, шахмат-дойбы және “Заковат” зияткерлік сайыстарында бақ сынасты. Достық рухында және қызу атмосферада өткен іс-шара соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, естелік сыйлықтар мен дипломдар тапсырылды. Іс-шара соңында “Діни төзімділік — бейбітшілік пен өркендеудің негізі” тақырыбында шығарма жазу байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Арухан АҚПАҢБЕТОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.



Мухаммадсиддиқов, ұлттық мәдени орталықтар мен достық қоғамдарының белсенділері, діни конфессияның өкілдері, академияның профессор-оқытушылары мен студенттері қатысты. Елдегі ұлтаралық татулық пен

Мектеп өмірінен

АЛТЫН КҮЗДІ БЕЙНЕЛЕГЕН ШАРА

Мектеп өміріндегі әрбір тәрбиелік шара оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, олардың бойындағы шығармашылық қабілетті дамытуға қызмет ететіні сөзсіз. Құйышыршық ауданындағы №40 мектептің 3 “А” сыныбында өткен “Алтын күз” атты мерекелік кеш те дәл осындай тағылымы мол, көркем мазмұнды шаралардың бірі болды. Бұл шара балаларға табиғат сұлулығын сезініп, еңбек пен берекенің мәнін ұғынуға мүмкіндік берді.

Сынып бөлмесі алдын ала күз мезгілінің әсемдігін, табиғаттың байлығын және берекесін көрсететін түрлі түсті композициялармен сәнделді, күздің табиғи бояуын айқын сезіндіретін алтын жапырақтар, макта, бидай сабақтары, түрлі-түсті күзгі гүл шоқтарымен безендірілді. Күздің молшылығын бейнелеу үшін сахнада алма, жүзім, асқабақ, сәбіз, ерік, алмұрт сияқты жеміс-жидектер мен көкөністер әдемі себеттерге салып қойылды. Сахнаның ортасында балалардың өз қолымен жасаған күзгі көлөнер бұйымдары — жапырақтан жасалған аппликациялар, жеміс-көкөністерден жасалған мүсіндер, күзгі паннолар, табиғи материалдардан құрастырылған шығармашылық жұмыстар көрмесі де ұйымдастырылып, баршаның назарын тартты. Со-



нымен қатар жеміс-көкөністердің макеттері, магнит тақтасында дайындалған күзге байланысты тапсырмалар да алтын күздің рухын сездіріп, сахнаға ерекше шырай берді. Әсіресе, жағымды мерекелік әуен залға ерекше жылулық сыйлады. Шара ұстаздар мен ата-аналарды ізгі тілекпен қарсы алумен басталды. Жүргізуші күз мезгілінің табиғатты алтын түске бояйтын ерекше мезгіл екенін айтып, оның әсемдігі туралы өлең жолдарын оқыды, сондай-ақ шара қатысушыларын қызықты мерекелік дәстүрді тамашалап, балалардың өнеріне тәнті болуға шақырды. Содан соң, оқушылар күз тақырыбына арналған әдемі өлең жолдарын мәнерлеп оқып, мерекенің сәнін аша түсті. Бірі сарғайған даланы суреттесе, тағы бірі қызыл, сары жапырақтарға толы орманды сипаттады. Үшінші оқушы күздің берекесін, жеміс-жидектің молдығын жырға косты. Осылайша, басқа ба-

сырмалар шараны одан әрі қызықтырып, әзіл-қалжың енгізді. Содан соң балалар “Өзбекстан” әнін мақтанышпен орындап, мерекеге рухани мазмұн бағыштады. Осылайша, ерекше қызықты сәттерге бай түрде өткен шарада балаларға арналған ойындар да назардан тыс қалмады. Жапырақ жинау ойынында балалар шапшаңдық танытса, “Себетке салу” ойынында көзін жұмған күйі жемістерді дәл табуға тырысты. Бұл ойындар оқушылардың байқампаздығын, икемділігін және ойлау қабілетін дамытуға ықпал еткенімен де маңызды болды. Мереке соңында белсенділік танытқан барлық оқушылар марапатталып, оларға арнайы сертификаттар табысталды. Сонымен қатар перзенттерінің өнерін тамашалап, ерекше әсерге бөленген ата-аналар сөз сөйлеп, осындай маңызды шараны ұйымдастырған жанкүйер сынып жетекшісі Зылиха Айнақұловаға өз ризашылықтарын білдірді, балалардың сахнадағы табиғи өнері мен өз-өзіне деген сенімділігіне куә болып, ерекше қуанышқа бөленгендерін айтты. Қорыта айтқанда, “Алтын күз” атты мерекелік шара балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік, еңбекке құрмет шығармашылыққа қызығушылықты арттыруға септігін тигізген маңызды шара болды. Күздің әсемдігі мен берекесі осы кеште балалардың қуанышты күлкісімен үйлесіп, жүректерде жылы әсер қалдырды. Мұндай тәрбиелік маңызға ие қызықты шаралар оқушылардың рухани дамуына, бір-бірімен жарасымды қарым-қатынас орнатуына және өнер арқылы өз қабілетін дамытуына ықпал ететіні сөзсіз.

Әлия ӘБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Жыр-шашу

ДОСТЫҚ СЕЗІМ ЖҮРЕКТЕ ҚАЛЫПТАСҚАН

Тамырласан шынардың ағашындай,
Бәрі де бір отбасының баласындай.
Бұл мекенде жасайды барлық халық,
Пейілі кең, дархан ел данасындай.

Жасаймын бұл өлкеде бала күннен,
Халқы бар ынтымақты бола білген.
Сыйласып, татуласып, көріш елдермен,
Араға алтын көпір сала білген.

Шығысынан шығады күн күлімдеп,
Сәулесінен шашырап жылы бір леп.
Жүз отыз ұлт жасайды бұл өңірде,
“Өзбекстан — Отаным, өз үйім”, — деп.

Жер-Ана білгендерге тірі жандай,
Тарихында қаншама сыры бардай.
Бауырлас түркі халық — тілі ұжас,
Тілмәсіз-ақ өзара ұғысқандай.

Халқымыз бар бірін-бірі қадір тұтқан,
Қыз беріп, қыз алысып жақын тұтқан.
Той-жыныда көрісіп, қол алысып,
Құда-жесекжат боп бірге бақыт құшқан.

Әр күнде сәлемменен таңы атқан,
Қонақ келсе, алдына барын шашқан.
Қонақтты дархан елім өркендей бер,
Достық сезім жүректе қалыптасқан.

Сапарбек ИМАНБЕКОВ,
Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі.

Шара

НӘСІЛДІК КЕМСІТҮДІ ЖОЮ – ТАТУЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Ташкент мемлекеттік заң университетінде БҰҰ-ның “Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенциясы” қабылданғанының 60 жылдығына арналған “Нәсілдік кемсітушілікті жою және ұлтаралық татулықты нығайту” тақырыбында дөңгелек үстел сұхбаты өтті.

Шараға мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам институттары мен сала мамандары қатысып, Өзбекстанның нәсілдік кемсітушілікке қарсы күресте қол жеткізген жетістіктері мен алдағы міндеттерді талқыланды. Сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері жөніндегі комитеттің бөлім басшысы С. Давлатова да қатысып, елімізде ұлтаралық татулық пен төзімділікті қамтамасыз ету, достық ортаны нығайту жолында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Шара қатысушылары атап өткендей, әр елдің күшқуаты, ең алдымен, оның ішіндегі ұлттар мен ұлыстар арасындағы ынтымақтас-тық, өзара құрмет пен сенім жағдайына байланысты. Осыған орай Өзбекстанда ұлтаралық татулықты нығайту, түрлі халықтар мен этностар өкілдерінің мүддесін қорғау, олардың тең құқықтылығына іс жүзінде кепілдік беру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан да елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір отбасындай тату-тәтті өмір сүруде. Олар мемлекетті басқару, ғылым, мәдениет, спорт және экономика салаларына белсене қатысады. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 19-бабында әрбір азаматтың нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне немесе әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, заң алдында теңдігіне кепілдік берілген. Бұл бап тек құқықтық құжат ғана емес, адам қадір-қасиетін ұлықтайтын жалпыадамзаттық қағидат ретінде де маңызды.

Дөңгелек үстел сұхбатына қатысқан заңгерлер атап өткендей, нәсілдік немесе ұлттық кемсітушіліктің кез келген көрінісіне қарсы күрес тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен қатар қоғамның санасы мен мәдениетінде де берік тамыр жаюы керек.

Шара барысында жас-тарды Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық, түрлі мәдениеттерге құрмет пен төзімділік рухында тәрбиелеу мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Университет студенттері мен белсенді жастар БҰҰ конвенциясының маңыздылығы туралы өз пікірлерін білдіріп, бүгінгі жаһандық әлемде ұлтаралық татулық адам құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі шарты екенін атап өтті.

Қорытындылай келгенде, Өзбекстанда нәсілдік кемсітушілік пен ұлтаралық қақтығыстарға жол бермеу бағытында атқарылып жатқан істер ішкі саясаттың басым бағыты ғана емес, адамгершілік даму стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жолда мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және әрбір азамат бірлесіп әрекет еткенде ғана төзімді және тату қоғамға барар жолымыз берік болады.

Ө.АХМЕТҚЫЗЫ

Отан — отбасынан басталады

ПАРАСАТТЫЛЫҚ – ТӘРБИЕ ЖЕМІСІ

(Естелік эссе)

Қазақ поэзиясының атасы Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде адам баласында өте жаман әдет, яғни кемшілік — надандық, еріншектік пен залымдық деп жазды.

Адам баласы туылған шағында надан немесе залым болайын демейді, әрине. Оның сол жаман әдетке бой алдырып, надан, залым болып өсуі әуел бастан тәрбиесіне байланысты. Ол тәрбиені қай ортада алады, кімдер тәрбиелейді? Мәселенің негізгі осында жатыр. Ол жас ұрпақтың әке-шешесінің өздері жақсы тәрбие көрген жандар ма? Немесе, керісінше тәрбиесіздер ме? “Құс ұясында көргенін іледі” дегендей, дұрыс тәрбие көрмеген әке-шеше өз перзенттеріне жақсы тәрбие береді дегенге сену қиын. Сондықтан ұлы ақын сол жаман әдеттерден құтылу жолдарын жұртқа өз өлеңдері мен қара сөздерінде түсіндіріп, жас ұрпаққа отбасындағы алғашқы тәрбие берген ата-әже, әке-шешенің көрсеткен үлгі-өнегесі, берген тәрбиесінің рөлі үлкен екендігін дәлелді түрде жазды.

Адам баласы неге надан, еріншек, қатігез, залым болады дейсіз? Оның солай парасатсыз болып өсуіне қажетті тәрбиенің дер кезінде болмағаны себеп. Әке-шеше, мектеп тәрбиесінің айтарлықтай жеткілікті болмағаны және басты себептердің бірі — әке-шеше перзенттерін адал жұмысқа баули алмағанын салдарынан перзенттерінің еріншектігі жабысқан кенедей бойларынан түспей қойды. Ал, надандық, жауыздық қайдан, қандай жағдайларда пайда болады екен? Оған жауап беру оңай болғанымен, ол жаман әдеттерден арылу қиынның қиыны. Сондықтан аурудың емін іздегеннен гөрі оның алдын алу өте қажет екендігі сияқты жас ұрпақты өсіруде отбасының дұрыс тәрбие беруі негізгі мақсат болуы барша әке-шешенің басты міндетінің бірі екендігінде дау жоқ.

Парасаттылық дегенде нені түсінеміз? Кімді парасатты, парасат иесі деп атай аламыз? Мәдениетті баршаға өнеге бола алатындай жанды парасатты дей

аламыз. Парасаттылық пен мәдениеттілік бір-біріне өте жақын ұғым. Жер жүзіндегі адамзаттың баршасын парасатты деп айтуға болмайды. Өйткені “бес сасуақ бірдей болмайды” дегендей, адамдардың баршасының тәрбиесі әртүрлі болуы сыр емес. Сондықтан саусақтардың бірі қысқа, бірі ұзын болатындай, адамдардың бірі парасатты, білімді мәдениетті болса, бірі парасатсыз надан, қатыгез болатыны анық.

Парасатсыздықтың қандай белгілері болады? Сол белгілер жөнінде кішкене ой белестерінен өтіп көрелік.

Парасатсыздықтың немесе парасаттылықтың белгілері сан-санақсыз. Мәселен, “үлкендерге сәлем бер”, “үлкендердің жолын кесіп өтпе”, “алдымен дастарқанға кол сөзба”, “басқалардың сөзін бөлме”, “қоғамдық жерде дабырлап сөйлем”, “көрінген жерге түкірме”, “дастарқан үстіндегі тағамдарға қарай түшкірме”, “көп сөйлем”, “ерсі көрінетін киім киме”, тағы басқа да тәрбиелік мәні бар парасаттылық үлгілері саналатын белгілер сан-алуан. Міне осындай сан алуан парасаттылық үлгілерін өз бойларына сіңіре алғандар парасатты, мәдениетті жандар санатына жатады да, керісі болатын болса, оларды — парасатсыздар деп атауға әркімнің құқығы бар. Қазақ отбасында әке-шеше, ата-әже тарапынан берілетін парасат белгілерін орындай алған әрбір жас ұрпақ жаман әдетке бой алдырмайтындығы айдан анық. Жастайынан отбасы, мектеп, кейінен қоғам тәрбиесіне зор мән бермей, білім, тәлім-тәрбиеге ынтымен, ыждақталыппен кіріспегендер надан, топас, ешнәрсенің байыбына бармайтын жандар қатарында қалады.

Бұл топастық, надандық еріншектіктің салдарынан оған берген “пайдасы” екендігі анық. Осы жерде бір “жағдай” есіме түсіп отыр. Ол 1993 жылы екендігі анық. Сол тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ахангаран ауданы “Ғалла құдық” деп аталатын савхоздағы (жұымшардағы) қайынымның үйіне барғаным бар. Онда М.Лермонтовтың шығармаларының екінші томына көзім түсіп, еріксіз жағымды ұстадым. Мәскеудің “Художественная литература” баспасынан жарық көрген (1990) тамаша көркемделген, мұқабасы қара кітап әжетханадан орын алыпты... Кітаптың шанын сүртіп, қолыма алып үйге кірдім де, қайыным мен келінге:

— О тоба! Бұларына қалай түсінуге болады? Мен сендерге ренжіп қалдым, — десем, олар қосарлана: — Жұрттың бәрі солай пайдаланып жатқан болар. Савхоздың кітапханасындағы барлық кітаптарды ауылдағы отбасыларға алып кетіндер деген соң, біраз кітаптарды алып келгенбіз. Сіз ренжіменіз, бізді көшіріңіз! — деп тұқ болмағандай тұр.

— Орыс классиктері саналатын Лермонтовтың шығармалары көріңгенің қолына түсе бермейтінін білмейсіңдер ғой. Өздерің оқымасандар да, перзенттерің оқиды емес пе? — дедім қайран болып.

Осы жағдай туралы Жоғарышыршық ауданындағы бір мектепте болған кездесуде жоғары санатты оқытушы Ескендір Алашбаевқа айтсам, ол:

— Е-е, көке, сіздің айтқаныңыздан да сұмдық көріністің куәсі болғанмын. Колхоз кітапханасындағы кітаптарды өртеп жатқандарды көргенде менің халімнің қандай болғаны тек өзіме белгілі. Қолымыздан не келеді? Жаға ұстаудан басқа амал жоқ, — деді де және заман ағымы ағызбай қоймайды екен, аға, — деп әңгімені қорытқандай болды. Сонда мен:

— Ескендір, сол колхоз-савхоздардың басшыларының парасаты сол ерекшелік жағдайлардың дұрыс еместігіне жетпейді ме екен? Соған қайран қалмауға болмайды дедім.

Тағы бір қызық жағдай есімде. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында “Нұлы жолға” жазылым мәселесімен Бөке аудандағы 3-4 колхоздарды аралап, газетке жазылымды үгіттеп, басшыларымен әңгімелескен сәттерім болды. Сонда бір колхоздың басшысы:

— Газет оқуға уақыт жете бермейді, аға. Жұмыс бастан асады. Сондықтан

жиын-теріннен соң оқып жеткізіп аламыз, — деп күлгендей болды. Мен оған: — Сонда қалай? Кеше-бүгін шыққан үкіметтің, президенттің қаулы-жарлықтарын орындамай-ақ жұмыс жүргізе бересіздер ме? — дедім танданып. Сонда ол басшылардың парасатының жеткен жері сол болғанына танданбасқа бола ма?

Заман ағымы қалай ақса да, адамзаттың парасаты, ақылы тек жақсылыққа жетектесе екен деген ой мазалайды. Әке-шеше құрметі, үлкендер құрметі парасатты жандардың қолынан келетініне дау жоқ. Бір жастары үлкен әке-шешенің 4 ұл перзенті, 2 қызы бар болатын. Әке-шешемен үлкен 3 ұлын арасында нендей білместік өткені белгісіз, әке науқастанып, ауруханада жан сақтау бөлімінде 2 апта жатса да, үлкен 3 ұлы әкелерінен хабар алмапты. Бұл өте надандық, топастық емей не? “Әке риза, құдай риза” деген сөз оларға жат болғаны ғой. Сол сияқты перзенттерді парасатсыз дегенде кімді парасатсыз дейміз? Әке-шешені құрметтемейтін перзенттер мен қайын ата мен қайын ененің құрметін жайына қоймайтын келіндер де жұрт арасында табылатыны шындық. Мәселен мектепте жастарға 40 жыл бедерінде тәлім-тәрбие берген ананың келінінен налып, шалына айтқан сөзі туралы есіткеніміз бар. Сондағы қайын ененің келініне 2-3 рет қайталай айтқан ақыл сөздерінің пайдасы болмай жатқандығы екен.

— Әлемнен өткен келінім парасатты жан еді. Бір есіткенін қалыңда сақтайтын, бір көргенін іліп алатын таптырмас әйел еді, — десе, келіні: — Мені парасатсыз деп тұрсыз ғой. Мен бүгін-ақ кетемін. Парасатты келінді тауып ала берің — деп қайын енесінің аузын аштырмапты. Сондай қайын енесінің беті-жүзі демей, аузына келгенін айтып, байалам салатын келіндерді парасатты келін деп атауға кімнің аузы барады екен? Әркімнің дұрыс, ақи бұрыс “жұмыстар” жасағаны өздері мен бір Аллаға ғана белгілі. Ынсапты әркімнің өзіне берсін! Иә, парасаттылық тәрбиеге байланысты екені ілгеріден белгілі. Елімізде жастарға, әсересе, мектеп тәрбиесіне үкіметіміз тарапынан аса мән беріліп жатқандығы өте қуанарлық жағдай. Бұл жақын арада еліміз халқының әлауқаты жақсарып, болашағы данғыл боларына баршаның сенімі мол.

Құлназар ИБРАГИМОВ,
Қызырай ауданы.

Нұрлы жол

Баспа - полиграфия, көпір - типография

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырышыдағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығалы. Таралымы — 3696

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозқарасмен сөйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2310-6343

01772010634001

Кезекші редактор: Рүстем ТӨЛЕНОВ

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@gmail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 1126.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 02.30 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738